

№ 1 « 31 » 08 2021 ж.

Пед кеңесте қаралды

Бекітемін:  Л.Х.Еспанова
Т.Жүргенов ЖОББМ директоры



Келісемін:  Б.Д.Сейтханов
Аудандық бiлiм бөлiмiнiң басшысы



Тақырыбы
Әрiптер әлемi

вариативтiк курс


Мектепалды даярлық тобы

Орындаған: А.Ж.Ақдаулетова

ӘБ отырысында қаралды:

№ 1 хаттама 28 күнi 08 айы 2021ж

ӘБ жетекшiсi:  Д.Т.Атыгаева

Тексерiлдi:  А.Ж.Шайхина

Әдiстемелiк iсi орынбасары

Түсінік хат

Бағдарлама мектепалды даярлық тобында оқытуға арналған. Жалпы сағат саны-32, ал аптасына 1 сағат өткізуге жоспарланған.

Бағдарлама төмендегі мақсаттарды жүзеге асыру арқылы жұмыс жасайды:

- белсенді балаларды анықтау;
- қызығушылыққа, сүйіспеншілікке, шапшаң ойлау қабілетіне тәрбиелеу;
- баланың ой - өрісін, жеке көз қарасын дамыту.

Бағдарламада баланың қабілеттілігін дамытуға көп назар аударылады. Онда мектеп жағдайында ерік жігерінің қалыптасуына, саусақтарының дұрыс жетілуіне, өздеріне қызықты затты дұрыс, әдемі жасай білуіне назар аудардым.

Бұл бағдарламада – баланы дамыту жағына аса көңіл аударылған: ойлау қабілетінің сапалылығы - неғұрлым туындылар көп ойлар әкелуіне құрастырылған. Сабақ ойын түрде және музыкалық қозғалыс – ойындары арқылы жүргізілгендіктен бағдарлама мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде қолдануда өте қызықты, әрі тиімді болады деп есептеймін.

Мақсаты: оқушылармен жеке жұмыс жасау барысында олардың ой - өрісін кеңейту, сөздік қорын, тіл байлығын, танымдылық, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балалардың еңбек жасауда іскерлік дағдыларын жетілдіріп, үйренген әдіс – тәсілдерін бекіту.

Міндеті: өздерінің қалыптасқан іскерлік дағдыларын жаңа затты жасауда пайдалануға үйретіп, сөздік қорын кеңейту. Саусақ қимылдарының шапшаңдығын жетілдіріп, қимылын арттыру. Өзінің жақын адамына деген сүйіспеншілік сезімге, сыпайылықты, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: қауіпсіздік ережесін қатаң сақтау, жеке бас гигиенасын мүлтіксіз орындау, берілген тапсырманы қызығушылықпен орындау.

Игеру керек: іскерлік дағдыларды, ұқыптылық, шыдамдылық, бір – біріне қамқор бола білуді, байқам паздықты.

Нормативтік бөлім

Барлығы – 33 сағат. Аптасына – 1 сағат.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты	Бағдарламаның мазмұны
1	Алғашқы түсінік	2	07-14.09	Әріптер еліне саяхат туралы түсінік беру.
2	Ирек сызықтар салу	2	21-28.09	Ирек сызықтар түрлерін түсіндіру
3	Суреттер бойынша әңгімелеу	2	05-12.10	Сурет бойынша тіл байлығын дамыту. (күзгі жыл мезгілдері бойынша)
4	Ұзын – қысқа таяқшалар	2	19-26.10	Сызықтардың дұрыс салуды үйрету
5	Дайындық жаттығулар(әріптер)	2	09-16.11	А - а, Т - т, Н - н әріптерін жазылу, айтылу емлесін түсіндіру
6	Сызбалар жасауға үйрету	2	23-30.11	Сызбалар жасауға үйрету жолдары түсіндіру
7	Сурет салу арқылы әріп элементтерін үйрету	2	07-14.12	Әріп элементтерін сурет бойынша салу түсіндіру.
8	Әріп элементтері	2	21-28.12	Әріптерді дұрыс сала білуге үйрету, дыбыстарды анық айтқыза отырып,

			сөйлем құрауға үйрету.
	Суретпен жұмыс	2	18-25.01 Сурет бойынша ойын еркін айтуға, әңгіме құрауға үйрету.
10	Ойын: « орнын тап»	2	01-08.02 Ойын арқылы балаларды шапшаңдылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу
11	Сықырлы суреттер	2	15-22.02 Балалардың тіл байлығын арттыру, дыбыстарды дұрыс анық айтқызу, ептілікке тәрбиелеу
12	Дыбыстарды ажырату	2	01-15.03 Дыбыстарды ажырата білуге үйрету
13	Сурет сала білейік	2	05-12.04 Сурет салу арқылы қолын жаттықтыру.
14	Сурет салу арқылы әріп элементтерін табу	2	19-26.04 Әріп элементтерінің жиынтығын табу.
15	Дыбысын анықтау ойыны	2	03-10.05 Балалардың ойын арқылы ой өрісін дамыту, тіл байлығын арттыру. Дыбыстарды анық айт қызу.
16	Сызықтарды жалғастыру	2	17-24.05 Жай қалам арқылы үзбей жазу әдісін үйрету .
17	Қайталау	1	

мұндық бөлім

1. Алғашқы түсінік – 4 сағат

Әріптер туралы жалпы түсінік қалыптастыру.

2. Суретпен жұмыс – 8 сағат

Сурет бойынша ойын еркін айтуға, әңгіме құрауға үйрету.

3. Әріп элементтері – 12 сағат

Сызбалар жасауға үйрету, жасалу жолын жолдары түсіндіру.

4. Дыбыстар әлемі – 6 сағат

Балалардың тіл байлығын арттыру, дыбыстарды дұрыс анық айтқызу, ептілікке тәрбиелей отырып дыбыстарды ажыратуға үйрету.

5. Кел ойнайық – 2 сағат

Балалардың ойын арқылы ой өрісін дамыту, тіл байлығын арттыру.

Ақпараттық-әдістемелік бөлім

Сабақты қызықты өткізу барысында балалардың саусақ моторикасының дамуына мән беремін. Қағазбен дұрыс жұмыс жасай білуге дағдыландырамын. Сурет бойынша әңгіме құрай білуге, ойын тиянақты, жүйелі жеткізуге жағдай жасаймын. Тазалыққа, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа жетелеймін.

ә) Өзін – өзі бағалау өзгенің еңбегін бағалауға үйрете отырып, мадақтаймын.

Идаланған әдебиеттер:

Гәрбиеленушілер үшін:

1. "Алтын сандық" №20,26.2015 жыл
2. "Алтын сандық" №2,10,11,16,22.2016 жыл
3. "Алтын сандық" №6, 9,10,20,22,24,26 2014 жыл
4. Көбеева Н «Бала және табиғат». –2013. № 5.
5. Құлшанова С Табиғатты қорғау. . – 2000. № 6.

Тәрбиеші үшін

1. Көбеева Н «Бала және табиғат». –2013. № 5.
2. Құлшанова С Табиғатты қорғау. . – 2000. № 6.
3. Бейнелеу өнері және музыка, сызу» республикалық ғылыми-әдістемелік журн ал. №3 2012 ж
4. Бейнелеу өнерінің негіздері. Т Мүсілімов